

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы « __ » _____
№ _____

010000, Нұр-Сұлтан, Мажилис Парламента
« __ » _____ 20 __ года

23.06.2021 ж. жарияланды

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің
орынбасары Е. Л.Тоғжановқа

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Ералы Лұқпанұлы!

«Бейбіт елде береке бар» - демекші биылғы жыл біздің еліміз үшін ерекше маңызды және тарихи оқиғаға толы болмақ. Өйткені Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын үлгі тұтып атап өту үлкен мәртебеге ие. Бұл өткен жолымызға зер сала қарайтын, өзімізге де, елдік жетістіктерімізге де есеп беретін шақта тұрмыз.

Бүгінгі жетістіктерімізге қалай қол жеткіздік? Бұл күнге қалай келдік? Ата-бабаларымыз аңсаған азаттықты алумен қатар тәуелсіз мемлекетті қалыптастырудың міндеті орасан зор екені баршамызға белгілі.

Өткен кезең ішінде Қазақстанның ішкі және сыртқы саясаттағы, экономикадағы және әлеуметтік-мәдени саладағы қол жеткізген табыстары айрықша! Мұны біз ғана емес, бүкіл әлемге танымал ғалымдары, саясаткерлері, жазушылары мен журналистері, сарапшылары да паш етуде.

Ағымдағы жылдың 5 ақпанында мерейтойлық күнді мерекелеуге дайындық жөніндегі мемлекеттік комиссияның бірінші отырысында Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев "Тәуелсіздіктің 30 жылдығы – бұл жай ғана кезекті күн емес. Біз бұл тарихи оқиғаға идеологиялық тұрғыдан қарауымыз керек", - деді. Сонымен қатар, Президент мерейтой кезінде бірінші кезекте өскелең ұрпаққа бағытталған іс-шараларды, сондай-ақ басқа да бірқатар маңызды міндеттерді жүктеді.

Төрт айдан астам уақыт өтті және мемлекеттік органдар осы бағытта жұмыстар атқаруда. Дегенмен де, жүргізіліп жатқан жұмыстардың қарқынын күшейту қажет.

Бұл ретте нақ осы идеологиялық жұмысты күшейту маңызды және мұны бізбен кездескен халқымыздың, ең алдымен өскелең ұрпақ үшін еліміздің Тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктерін насихаттауға бағытталған пікірлері растайды.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев еліміз мықты әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы көзқарастарын ортаға салған болатын. Сынаптай сырғыған уақыт ешкімді күтіп тұрмайды, жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін процесс. Екі дәуір түйіскен кезде Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы екенін атап өтті.

Сондықтан да, халқымыздың дана сөзі бар **«Жұмыла көтерген жүк жеңіл»** - демекші баршамыз еліміздің 30 жылдық аясында бірігіп, идеологиялық тұрғыда қолға алып, жұмыс жасасақ елдің бірлігі одан әрі нығая түсері анық.

Осыған байланысты депутаттық корпус осы мәселе бойынша қарастыру және пайдалану үшін бірқатар ұсыныстарды алға тартады, оның ішінде:

1. Ауылдық округтердің, аудандар мен облыстардың әкімдері идеологиялық тұрғыда тарихи мұраны, сондай-ақ Қазақстан тәуелсіздігінің жетістіктерін, оның ішінде республикалық маңызы бар қалаларда, облыстарда, аудандар мен ауылдық округтерде бұқаралық ақпарат құралдары, интернет және әлеуметтік желілер арқылы насихаттау жөнінде неғұрлым кең ауқымды жұмыс жүргізуі қажет.

2. **Қазақстан – дарынды жастар мекені.** Ертеңгі болашағымыз осы жастар буынында. Еліміздің білім ошақтарында: балабақша, мектеп, университеттен бастап, аға буындар, ұстаздар жастарға бағыт-бағдар беруіне басымдық беріліп, **Тәуелсіздіктің қадір-қасиетін үнемі насихаттау қажет.** Сондай-ақ, **«Тіл мәртебесі - ел мәртебесі» - демекші мемлекеттік тіл - сол елдің халқын біріктіретін, ортақ істерге жұмылдыратын, елге деген перзенттік ықыласты қалыптастыратын бірден- бір құрал. Бір тілде сөйлемеген халық біріге де алмайды, өздерін бір шаңырақтың мүшесімін деп те сезіне алмайды. Сондықтан да, мемлекеттік тіл – қазақ тіліне баса назар аударылса нұр үстіне нұр болар анық. Бұл – патриотизмді дамытудың бірден бір жолы деп есептейміз.**

3. Ел Президенті Қ.К. Тоқаев сол отырыста: «Министрлер мен әкімдер **«Халық үніне құлақ асатын мемлекет»** қағидасын берік ұстануға тиіс. Азаматтардың арыз-тілектеріне жедел жауап беру қажет. Ең бастысы, Тәуелсіздіктің игіліктерін әрбір отандасымыз күнделікті тіршілігінде сезіне алатын болса - мақсатымыздың орындалғаны», – деп атап өтті. Сондықтан да, тиісті мемлекеттік органдардың халықтың мұң-мұқтажын тыңдап, халықпен жұмыс істеу тәсілі тағы да нығайтылғаны жөн.

4. Биыл Тәуелсіздіктің 30 жылдығына тұспа тұс келіп отырған жыр алабы **Жамбылдың -175, Алаш арысы Әлихан Бөкейхановтың – 155, күш атасы Қажымұқанның – 150 жылдығы тағы да басқа бірнеше тарихи тұлғаның мерейтойы Тәуелсіздіктің 30 жылдығына тұспа тұс келіп отыр.**

Рухани жаңғыру аясында тарихы, салт-дәстүрі бір көрші елдермен достық қарым-қатынасты, бірлігімізді мығым ету мақсатында Өзбекстанда мәңгілік тұрақ тапқан **Төле би, Әйтеке би бабаларымыз және Жүсіп Жалаңтөс батыр** сияқты тұлғаларды, сонда тұрып жатқан қандастарымыздың тұрмыс-тіршілігін және Еліміздегі **Қ. Яссауи және Қорқыт ата, Қазбек би, Абай бабаларымыз** сияқты және тағы басқа тұлғалар туралы деректі фильмдер түсірілсе өскелең ұрпаққа өнеге. Осындай істер қолға алынса және тарихшы ғалымдарға, журналистерге екі елдің Сыртқы істер министрліктері мен елшіліктері арқылы екі елдің ортақ архивтеріне қол жеткізу мәселесіне қатысты бір қатар жұмыстар атқаруы қажет.

5. 26 жыл бойы үлкен идеологиялық жұмыс жүргізіп келе жатқан Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі барысында қол жеткізілген жұмыстардың нәтижелерін көрсету де аса маңызды.

Қоғамдағы тұрақтылықтың басты шарты – әртүрлі этникалық топтардың мүдделері сақталуы. Қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлік қоғамда азаматтық бейбітшілікті сақтаудың неғұрлым оңтайлы тәсілі ретінде мемлекет пен оның институттарының белсенді ынтымақтастығы жағдайында мүмкін болатынын әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр. Біздің елде Қазақстан халқы Ассамблеясы – қоғамдық келісімді сақтау мен жалпыұлттық бірлікті нығайтудың негізі институты. Бейбітшілік пен рухани келісім мәдениеті қағидаттарының жолсерігі бола отырып, ҚХА бүкіл Қазақстан бойынша көптеген этномәдени бірлестіктердің қызметін шоғырландырады. Қазақстанның ҚХА қызметі аясындағы тәжірибесі көптеген шет елдерді қызықтыратыны анық.

Осыған байланысты халықаралық ынтымақтастықты нығайту және мәдени қатынастарды дамытуға және Қазақстан халқының мәдени құндылықтары мен салт-дәстүрлерін насихаттауға бағытталған бастамаларды бірлесіп іске асыруды ұсынамыз.

**Құрметпен,
«Nur Otan» партиясы
Фракциясының мүшелері**

Ф. Қаратаев

**«Қазақстан Халық» партиясы
Фракциясының мүшелері**

**Қазақстан халқы Ассамблеясының
депутаттық тобының мүшелері**

**«Ақ жол» Қазақстан Демократиялық
партиясы Фракциясының
мүшесі**

Қ. Иса